

# Республика күні құтты болсын!

4

Ізденіс пен таным орталығы



6

Сахна саңлағы – Сәбира



# 25 қазан, жұма 2024 жыл Сыр бойы

№164-165 (20838-20839)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



## АЗАТТЫҚТЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ ҚАҒЫЛҒАН КҮН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне орай өткен салтанатты жиында сөз сөйледі. Қазақстандықтарды ұлтымыздың ең ұлық мерекесімен құттықтап, бұл азаттықтың алтын қазығын қаққан күн екенін атап өтті. Еліміздің Егемендігі туралы декларация қабылданған күнді қасиетті Тәуелсіздігіміздің бастауына балады.

Мемлекет басшысы өз сөзінде болашаққа сеніммен қарайтын ұлт қана табысқа жете алатынына назар аударып, өмір болған соң түрлі қиындық та кездесетініне тоқталды.

Президенттің айтуынша, ауқымды саяси жаңғырулар арқылы мемлекетіміздің демократиялық дамуының жаңа бағдары айқындалды. Конституциялық реформаны іске асыру нәтижесінде биліктің негізгі институттары қайта құрылымдалып, орнықты саяси жүйе қалыптасты. Бұл саяси жүйенің негізі – ашықтық пен әділдік, тиімділік пен бәсекеге қабілеттілік. Ең бастысы, халыққа қызмет ету қағидасы қамтылған. Мемлекет басшысы осындай құндылықтар негізінде біздің қоғамдық-саяси өмірімізде іргелі өзгерістер болып жатқанын айтты.

– Жақында өткен Атом электр станциясын салу жөніндегі референдумның қорытындысы – соның жарқын дәлелі. Азаматтардың 70 пайыздан астамы АЭС құрылысын қолдап дауыс берді. Бұл халқымыздың тағдыршешті сәттерде өрлеу жолын таңдайтынын көрсетті. «Түрлі көзқарас,



біртұтас ұлт» қағидаты – мемлекеттік саясатымыздың негізі. Жалпы, энергиятапшылығының артуы – еліміз үшін өте өзекті проблеманың бірі. Оны дер кезінде шешпесе, экономикамыздың дамуына кедергі келтіріп, азаматтардың тұрмыс сапасына кері әсерін тигізеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдарына сәйкес ауқымды жұмыс атқарылып жатқанына тоқталды. Елдің көлік, энергетика және индустрия жүйесі қайта құрылып жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев биылдың өзінде ұзындығы 12 мың шақырым жол салынып, жөнделіп жатқанын еске салды. Өсіресе, аймақтардағы жолды жақсартуға баса назар аударылып отыр. Оның айтуынша, Батыс Қазақстанда сонау Кеңес заманынан бері қараусыз қалған жолдар бар. «Қазталовка – Жәнібек – Ресей шекарасы» бағытындағы жол биыл толық пайдалануға берілді. Сонымен қатар әуе қатынасын дамыту бағытында нақты жұмыс атқарылып жатыр. Жақында Қызылорда және Шымкент әуежайларында жаңа терминалдар ашылды.

Президент экономиканы әртараптандыру үшін қабылданып жатқан жан-жақты шаралар туралы мәлімет берді. Атап айтқанда, биылғы 8 айда өңдеу өнеркәсібінің экспорты 17,8 миллиард доллардан асқан. Оның үштен бірі – күрделі технологиямен өңделген өнімдер. Қазір 17 серпінді, яғни озық инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр.

2-бет

### МЕРЕКЕЛІК САЛТАНАТ

## ӘРБІР ЖЕТІСТІК – БІРЛІКТІҢ ЖЕМІСІ

Кеше Оңтүстік облысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Республика күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған құқық қорғау органдары, басқарма, департамент басшылары, зиялы қауым өкілдері мен облыстық мәслихат депутаттары қатысты.



Аймақ басшысы жиналған қауымды ұлттық мереке – Республика күнімен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерге тоқталды.

– Баршаңызды еліміздің ең басты ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ұлтымыз ұлықтаған атаулы күнді Сыр өңірі толағай табыстармен қарсы алуда.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы – Сыр өңіріне келген сапарында облысымызға дамудың үлкен перспективалары бар стратегиялық маңызды аймақ деп оң бағасын берді.

Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында облыс бюджеті 744 млрд теңгеден асты. Екі жыл бұрын 364 млрд теңге болатын.

Аймақта 43 млрд теңгеге 300 шақырымға жуық автомобиль жолдары мен көпір өткелдері жөнделуде. Соңғы үш жылда жөнделген жол 1271 шақырымға жетті. Осылайша жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асады.

Электр энергиясымен қамту бағытында 2022 жылдан бері 18 млрд теңгеге 70 жоба іске қосылды. Биылдың өзінде 11 млрд теңгеге 38 жоба қолға алынды. Бұл тозған желілерді 72-ден 62 пайызға төмендетеді.

Облыста 30 млрд теңгеге 11 елді мекен («Сексеуіл» және «Төретам» кенті, Абай, «Ақсу», Шәменов, Сейфуллин, Токмағанбетов, «Алмалы», Досболдатқа, «Бестам», «Төменарық» ауылдары) газдандырылуда. Осы жұмыстар аяқталғанда, өңірді газбен қамту көрсеткішін 75-тен 78 пайызға жеткіземіз.

Елді мекендерді сапалы ауызсумен қамтуда 2022 жылдан бері 16 млрд 800 млн теңгеге 55 жобасы жүзеге асты. Жыл соңына дейін көрсеткіш 98,1-ден 98,6 пайызға артады. Келесі жылдың соңында облыстағы барлық елді мекенге орталықтандырылған ауызсу қосамыз.

2-бет

### СҰХБАТ

## МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ ҚАДАМ

Республика күні – халықтың жанына жақын мереке. Бұл мерекенің маңызы басқа мерекелерден өзгереді.

Егін пісіп, еңбек жемісін теретін күз жомарттығымен бірге жеткен қуанышты күн жадында ерлердің ерен ісі мен ұлтын сүйген жансөбіл күресінің жаңғырығы жатыр.

Біз осы мереке алдында Сыр елінің сындарлы азаматы, саяси ғылымдар докторы, профессор, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Мұрат Бақтырұлымен сұхбат құрған едік.

– Мұрат Бақтырұлы, 1990 жылдың 25 қазанында «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясы қабылданғанын білеміз. Мұның мәнісі не, ол қалай қабылданды?

– Декларацияны қабылдау үшін алдымен мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия құрамында Салық Зиманов, Серікболсын Әбділдин, Жабайхан Әбділдин, Әбіш Кекілбай, Сұлтан Сартаев секілді заң ғылымын жетік білетін ірі тұлғалар болды. 15-25 қазан күндері қызу талқы өтті. Мәселен, декларацияға «Қазақстан Республикасының халқы» деп жазамыз ба, «қазақ халқы» деп жазамыз ба деген сөздің айналасында зиялылар «қазақ халқы» деп жазу керек, басқа халықтар ел иесі, қазақ халқының айналасына топтасу керек деген пәтуа жасасты.

3-бет

### СЕССИЯ

## БІРҚАТАР ҰСЫНЫС ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Сәрсенбіде облыстық мәслихаттың кезекті XVII сессиясы өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов қатысты.

Күн тәртібінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының есебі тыңдалды, сонымен қатар облыс азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін шарттар мен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру, облыстық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану, облыстық бюджетке өзгерістер енгізу, азаматтық қызметшілер және ауылдық жерде жұмыс істейтін мәдениет саласындағы мамандар лауазымының тізбесін айқындау, жалпы 9 мәселе қаралды.

3-бет

**БАСПАСӨЗ – 2025**

**Құрметті оқырман**

**2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ**

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: **жекелер үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге**

Валюта бағамы \$ 485,11 kzt

€ 523,82 kzt

₸ 5,02 kzt

Ауа райы

+14° +16°

+14° +16°

## АЗАТТЫҚТЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ ҚАҒЫЛҒАН КҮН



Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығының даму қарқынына тоқталды.

– Бұл – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша маңызды сала. Қазақстан әлемдік азық-түлік нарығындағы ролін күшейте береді. Қазір күзгі жиын-терін науқаны аяқталып қалды. Дикандар қауымына шынайы ризашылық білдіремін. Көктемгі тасқынға қарамастан 26 миллион тоннадан астам астық жиналды. Мұны рекордтық көрсеткіш деуге болады. Бұған мемлекет тарапынан көрсетілген нақты көмек те септігін тигізгені анық. Биыл көктемгі егіс науқанына берілген арзан несие көлемі үш есе көбейді. Ауыл шаруашылығы техникасын лизинг арқылы алуға қосымша қаражат бөлінді. Жалпы, агро-өнеркәсіп кешенінде 865 жоба жүзеге асырылған. Оның құны – 2,6 триллион теңге, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздегі кәсіпкерлік саласының өркендеу жолына түскенін, шағын және орта бизнес халықтың экономикадағы белсенді бөлігін жұмыспен қамтып отырғанын атап өтті.

1-бет

Елдің іскерлік ахуалы мен инвестициялық тартымдылығын одан әрі жақсарту мақсатында мамыр айында Экономиканы ырықтандыру жөніндегі Жарлыққа қол қойғанын жеткізді.

Осы орайда Үкімет пен әкімдердің тікелей міндеті – бизнес-қауымдастыққа жан-жақты қолдау көрсету, кәсіпкерлермен тығыз қарым-қатынас жасау екенін айтты. Елімізде басымдық беріліп отырған әлеуметтік салаларға тоқталды. Ғылым және техникасы дамыған елдердің әлем көшін бастап тұрғанын тілге тиек етіп, осы үдерістен қалмау үшін технократ ұлт болуымыз қажет екенін алға тартты.

– Бұл – уақыт талабы. Келер жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияладық. Біз техникалық және кәсіптік білім беруге баса мән беріп отырмыз. Биыл осы салаға арналған мемлекеттік тапсырысты едәуір көбейттік. Грант санын 10 мыңға арттырдық. Мемлекеттік тапсырыстың 65 пайызы техникалық мамандықтарға бөлінді. Елімізде шетелдің беделді жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып жатыр. Білім-ғылымның сапасын жақсартуға қатысты басқа да

шаралар қолға алынды. Жақында «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң қабылданды. Мұның бәрі бәсекеге қабілетті озық ұлт болуымыз үшін өте маңызды деп ойлаймын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев биыл өзінің бастамасымен «Таза Қазақстан» акциясы басталғанын, бұл халықтың экологиялық мәдениетін көтеруге арналған жалпыұлттық жоба екенін атап өтті.

Елдің ішкі жағдайы мен азаматтардың әл-ауқатына мемлекеттің сыртқы саясаты тікелей әсер етеді. Сондықтан Мемлекет басшысы өз сөзінде бұл салаға да ерекше мән берді.

Бейбітшілік пен дамудың түп негізі отбасындағы тәрбиенен, көшедегі таза-лықтан, қоғамдағы бірліктен бастау алатынына назар аударып, нәліктен Заң мен Тәртіп үстемдігі туралы ұдайы айтатынын түсіндірді.

– Бұл – біздің байыптен таңдаған айнымас қағида-тымыз. Ол қоғамдық санада тамыр жаюға тиіс. «Заң – ізгілік пен әділет өнері» деген әйгілі тәмсіл бар. Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдағы тәртіпті қамтамасыз ету үшін қажет. Әрине,

заңның қатандығына наразылық білдіріп, «кылбұрау салып жатыр» деп ойлайтын адамдар әрқашан табылады. Бірақ жазадан жалтарып, жүгенсіз кеткендер, шын мәнінде, халық пен ел мүддесіне қарсы адамдар. Мемлекет қылмысқа «мүлдем төзбеушілік» қағидатын іске асыру үшін шара қабылдауды жалғастырады. Бұзақылықпен және ұйымдасқан қылмыспен ымырасыз күрес жүргізеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бір-бірімізді қолдап, биік мақсаттарға ұмтылатын бірлігі мықты ел болсақ, көк паспорттымыз да мықты әрі қуатты болатынын айтты.

– Бір-бірімізге тілектес болайық, өзара құрметпен қарайық, қадірлейік. Кез келген қиындыққа қарсы тұрып, ел үшін, жер үшін бірге еңбек етейік. Халқы – біртұтас, болашағы – жарқын Әділетті Қазақстанды бірге құрайық. Азаматтарымыз барлық салада әрдайым әділдік болғанын қалайды. Ол үшін әркім әділдікті, ең алдымен, өзінен бастауы керек. Сонда қоғам да, бүкіл мемлекеттік жүйе де әділ болмақ. Еліміздің ең басты мерекесі – Республика күнінде біз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың табанды еңбегін атап өтуге тиіспіз. Оның қазіргі Қазақ мемлекетін құру ісінде шешуші тарихи рөл атқарғанын міндетті түрде айтуымыз қажет. Ел үшін жасалған қызмет ешқашан ұмытылмауы керек, ел жадында сақталуға тиіс. Бұл – еліміздің болашағы үшін өте маңызды. «Жақсының жақсылығын айту» деген халқымыз. Бүгінгі тарихқа әділ баға берілуі үшін кешегі тарих әділ бағалануға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Қазақстанның жетістіктері барша халқымыздың ортақ табысы екенін атап өтіп, ұлық мейрам – Республика күніне орай елімізді дамытуға орасан зор үлес қосып жүрген бір топ азаматқа жоғары наградаларды және Мемлекеттік сыйлықты салтанатты түрде табыстады.

## МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕЛЕРІ

Ұлттық мерекеміз – Республика күніне орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен Ақордада өткен салтанатты жиында еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақты нығайтуға қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін Қызылорда облысының әкімі **НӨЛІБАЕВ Нұрлыбек Машбекұлы III дәрежелі «БАРЫС»** орденімен наградталды.

\*\*\*

Сондай-ақ Ақордада өткен салтанатты іс-шарада «Қазушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда филиалының «Қызылордасушар» мекемесінің басшысы **НҰРЫМБЕТОВ Жорабек Ибрагимұлы «ҚҰРМЕТ»** орденімен наградталды.

\*\*\*

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2024 жылғы 16 қазандағы №675 Жарлығына сәйкес:

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері, белсенді қоғамдық қызметі, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі сіңірген еңбегі, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін наградталсын:

### II дәрежелі «БАРЫС» ОРДЕНІ

**ШӘРІПОВ Жарылқасын Шәріпұлы** – еңбек ардагері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері.

### «ПАРАСАТ» ОРДЕНІ

**МАХАНОВ Тұрғанбай Маханұлы** – медицина саласының үздігі. Қызылорда облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

**МУСАБАЕВ Нәжмадин Түрікбенұлы** – еңбек ардагері, «Құрмет» орденінің иегері.

**ҚЫДЫРБАЙ Бейсен Қасиетұлы** – еңбек ардагері.  
**НӨЛІБАЕВ Мақсұт Ыбырайханұлы** – Қызылорда облысы кәсіподақтар орталығының төрағасы. Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты. «Құрмет», II дәрежелі «Айбын» ордендерінің иегері.  
**ЖҮНІСОВ Ерулан Бақтыбайұлы** – «Қазавтожол» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Қызылорда облыстық филиалының директоры.

**БАЙДІЛДА Оразәлі Әбдіманапұлы** – «Аргымақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

**ҚОЖАНИЯЗОВ Серік Салауатұлы** – «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамы вице-президенті.

### «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІ

**АХМЕТОВ Тұрсынбай** – еңбек ардагері, «Қазақстанның Құрметті құрылысшысы».

**БАҚТИЯРОВА Алмагүл Сайранқызы** – еңбек ардагері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

**ЖАРҚЫНБАЕВ Ғайнолла Зейноллаұлы** – еңбек ардагері. Әр жылдары мемлекеттік және жеке секторларда басшылық лауазымдарда абыройлы еңбек атқарды.

**ПАЛЫМБЕТ Найла Әбілқасымқызы** – білім саласының ардагері.

**СӘДУАҚАСОВ Жұмабек Әбдіқаримұлы** – «Металл Строй Орда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

**ЖАНАЛИНОВ Данияр Еренғалиұлы** – Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары.

**ЖАХАНОВ Бахыт Дүйсенұлы** – Қызылорда облысы әкімінің орынбасары.

**ДҮЙСЕБАЕВ Талғат Тұрсынұлы** – Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы.

**ТАЗАБЕКОВ Ерман Кәкімұлы** – «КАЗПЕТРОЛ ГРУП» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры.

**ІСКЕНДІР Ержан** – кәсіпкер, меценат. Облыстық әкелер одағының төрағасы, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты.

**ЖҰМАШЕВ Мейрамбек Тоғысұлы** – «Тоғыс-Аралотын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты.

**СЫЗДЫҚОВ Жәнісбек Шәкімбауылы** – «Шаған-жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры.

**ИБРАШЕВ Батырбек Қуаннызұлы** – «Ка-Строй ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары.

**ФОТИАДИ Юрий Кузьмич** – медицина саласының үздігі.

### «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ»

**БОТАБАЕВ Кеулімжай Шалтақбайұлы** – Қызылорда облыстық филармониясының Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінің дирижері. «Құрмет» ордені иегері. Мәдениет қайраткері.

### «ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІ

**ҰЛЫҚБАНҰЛЫ Нұрлыбай** – Қызылорда облыстық ауыл шаруашылығы саласының ардагерлер кеңесінің төрағасы.

**РҰШЫМБЕТОВ Құбыл** – медицина саласының ардагері.

**СЕЙДІЛОВА Ұлтай Әуелбекқызы** – білім саласының ардагері.

**ЕЛТАЙ Нұрмахан Назымханұлы** – жазушы, журналист. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.

**ҚҰЛМАХАН Қожатай Қожақұлы** – Жалағаш кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы.

**ЛЕКЕРОВ Бакытжан Зинадинұлы** – еңбек ардагері.

**НҰРМАХАНОВ Онталап** – ақын, режиссер-сценаристі.

**ШАЛҒЫНБАЕВА Айтқұл Жетібайқызы** – сарапшы-журналист, Қазақстанның құрметті журналисі.

**БЕЛГІБАЕВ Бейбіт Төлегенұлы** – «Бесарық» шаруа қожалығының төрағасы.

**СӨРСЕНБАЕВ Қайрат Әнуарұлы** – «Ремпроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары.

**МАМПАЕВ Әжібек Алғашбекұлы** – Қызылорда қалалық мәслихат депутаты.

**САПАРБАЕВ Қайрат Әбдірахманұлы** – Жаңақорған ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы.

**ҚҰЛМАНОВ Жандос Темірғалиұлы** – «Ақбасты» балықшылар өндірістік кооперативінің төрағасы.

**ЖЕТПІСБАЕВ Мұрат Ақынұлы** – Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі.

**МАҚАШ Талғат Бақытбекұлы** – Қызылорда облыстық филармониясының басшысы.

**ӨТЕПБЕРГЕНОВ Әбсұлтан Бексұлтанұлы** – Жаңақорған аудандық мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі.

**БОТАБАЕВА Айгүл Қанатқызы** – «Мемсараптама» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны Оңтүстік өңірі бойынша филиалының Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы.

**ЖАҢАБАЕВ Ғабит Жұмабекұлы** – Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы.

**ШӨМЕНОВ Бауыржан Серікұлы** – Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы.

**УСАИН Мелет** – Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы.

**ЕРАЛШЕВ Мағжан Абзалұлы** – «Мағжан и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры. Қызылорда облыстық мәслихат депутаты.

**ӘШІРБЕКОВ Тоқтамас Нарманұлы** – «Абдулла» шаруа қожалығының төрағасы.

### «ШАПАҒАТ» МЕДАЛІ

**КӨЗЕЙБАЕВ Сапар Әлиасқарұлы** – Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің басшысы.

Қазақстан Республикасы Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Алғыс хатымен марапатталады:

**ЧУМАШ Виктор Иванович** – Арал ауданы №13 мектебінің денешынықтыру пәнінің мұғалімі.

## ӘРБІР ЖЕТІСТІК – БІРЛІКТІҢ ЖЕМІСІ



Егемендікке қол жеткізуді аңсап, өмірін күреспен өткізген ата-бабаларымыздың асыл арманы Тәуелсіздігімізді баянды ету – бүгінгі ұрпақ үшін жауапкершілігі зор міндет. Баршаңызды Республика күнімен тағы да құттықтап, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, толайым табыстар тілеймін! Еліміздің өркендеу жолындағы адал қызметтеріңіз табысты, еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! – деді облыс әкімі.

Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар шеңберінде қаржыландырудың барлық көзінен биыл 863 900 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. 2022-2023 жылдары 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді.

«Болат Өтемұратов қорының» демеушілігімен Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы салынды. Жерлеріміз үшін бұл – өте маңызды жоба. Жақын арада ел игілігіне табысталады.

1-бет

Қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Нысан келесі жылы қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Қызылорда қаласын ыстық сумен қамту жобасы оң шешімін тапты. Ол бойынша 623 көпқабатты тұрғын үйге ыстық су қосылады.

Облыс әкімі Ұлттық мереке қарсаңында Ақордада Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының қолынан жоғары мемлекеттік наградамен марапатталу құрметіне ие болғанын атап өтті.

– Бұл марапат – Мемлекет басшысының Сыр өңірі халқына ыстық ықыласы мен бірлесіп атқарған жұмысымызға берген оң бағасы, барша жерлестеріміздің бекем бірлігі мен тату тірлігінің жемісі!

Бұл – жұмысымызды одан әрі жауапкершілікпен жалғастыруға үндейтін үлкен қолдау.

Барша Сыр жұртшылығы атынан туған өңірімізге әрдайым ерекше ықыласпен қолдау білдіретін Президентімізге шынайы, риясыз алғысымызды, ризашылығымызды жеткізім келеді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мұнан кейін аймақ басшысы өңірдің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан сала мамандары мен ардагерлеріне мемлекеттік наградаларды табыс етті.

Атап айтсақ, еңбек ардагері Жарылқасын Шәріпов II дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды. Тағы 7 азаматқа «Парасат», 15 азаматқа «Құрмет» ордені, 22 азаматқа «Ерен еңбегі үшін», 2 азаматқа «Шапағат» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

Республика күніне орай ұйымдастырылған іс-шара мерекелік концертке ұласты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

## МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ ҚАДАМ



Декларацияда Қазақ КСР өзінің ішкі, сыртқы саясатын дербес жүргізуге құқылы, шетелдермен тікелей қарым-қатынас орната алады деп көрсетілді. КСРО құрамында тұрған еліміздің экономикалық дербестігі жоқ болатын. Декларация бойынша осы дербестікке еліміз алып империя құрамынан шықпай тұрып-ақ қол жеткізді.

Дәл осы тұста біз жоғарыда аталған азаматтар ұлт перзенті есебінде парыздарын адал орындап шықты, ерлік іс жасады деп толық айта аламыз.

– **Тоталитарлық жүйе біздің еге-**

**мендік алуымызға қарсы тұрмады ма?**

– Токсаныншы жылдары Балтық жағалауы елдері тәуелсіздігін жариялады. Екі-үш миллионнан ғана халқы бар шағын мемлекеттерге бұл қадамға бару қиын болған жоқ. Осы кезде Еуропадағы социалистік мемлекеттер бұл жүйеден шығып, екі Германия бірікті. «Сіз не дейсіз» деп отырмай қазақ зиялылары да осындай абыржы шақты табандылықпен өз пайдасына шешу үшін күресті.

Дегенмен, 60 пайыздан астам өзге ұлттар тұратын Қазақстанның негізгі тетіктері КСРО билігінде қалып тұр

еді. Сондықтан бізге тәуелсіздік опонай келе салған жоқ.

– **Тәуелсіздік пен егемендікті екі бөлек нәрсе деп қарастырамыз ба?**

– Егемендікті қазақ халқының сан жылы күресінің ақиқатқа айналуы десек болады. Ол тәуелсіздіктің саяси-құқықтық негізін қалыптастырды. Сонда бұл екеуі де елдігіміздің ең басты мақсатын, құқықтарын айқындап берді.

– **Ендіше, тәуелсіздік пен егемендіктің екі бөлек аталып өтілу мәніне тоқталсаңыз...**

– Егемендік тәуелсіздікке жол ашты. Толық тәуелсіздікке жеткен, тарихи құжатқа қол қойылған 1991 жылдың 16 желтоқсаны Тәуелсіздік күні болып қалды.

Алайда, екеуін бір мереке есебінде тойлауға әбден болады. Менің мұндай ойға келу себебім бар. 1986 жылы 16 желтоқсанда қазақ жастары республика басшысын тағайындаған КСРО шешіміне наразылық білдіріп, тоталитарлық жүйеге қарсы шықты. Бұл қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылған күрестерінің бір көрінісі болды. Желтоқсан көтерілісі Балтық жағалауын толқитын, Латвия, Литва, Эстонияның тәуелсіздік алуына дем берді. Сол кезде Алматының орталық алаңына шыққан жастар қатаң жазаланды, қан төгілді. Ал қудалау бүкіл ел аумағында жүргізілді. Сондықтан бұл күн аса тұту күні болып қалып, азаттық алған күнімізді 25 қазанға көшіру дұрыс болар еді.

Ел Президенті бұл күнді бекерден-бекер ұлт рухын, ұрпақ мерейін өсіретін мереке деп атап отырған жоқ.

– **Егемен еліміздің бүгінгі мен болашағы туралы бірер сөз. Елге тілек...**

– «Ер – елінде, гүл – жерінде» дейді бабаларымыз. Гүл көркемдігі қоса айтылған бұл керемет сөз бақытты, жайнаған елі бар ер – еңселі, үстем деген ойға жетелейді. Қаншама халық өз егемендігін ала алмай, әлеуетті мемлекеттердің боданы болып отыр.

Біздің еліміздің әуелі патша үкіметі, сосын Кеңес билігінің қол астынан шығу арқылы егемендікке жеткені анық. Қазақ қай кезде жауынгер, азатшыл ел болған. Рухты жұрт еркіндігі үшін сан ғасыр бойы күресті, арман болған сол мақсатына жетті.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күнін елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болу керектігін айтты.

Осылайша, Республика күнін мерекелік күнтізбеде қайта жаңғырту – жаңа Қазақстан өкілдерінің өз тарихи бастауын мойындауы мен ұрпақтар сабақтастығының, мемлекеттік тәуелсіздік жолындағы халқымыздың тарихи еңбегі мен еркіндігін құрметтеудің символы болып қалыптаспақ.

Біз бүгінде жаңа Қазақстанды құрып жатырмыз. Елімізді әлемдік

Республика күні 25 қазан

қауымдастық әлдеқашан мойындады. Қазақстан – Орталық Азия бойынша сыртқа саясаттағы ең ірі мемлекет. Дүниежүзілік банк сарапшыларының пікірі бойынша кейбір көршілеріміз игере алмай жүрген нарықтық қатынастарға дұрыс бағытта көше білдік. Өйткені, мемлекет бәсеке-лестік ортаға араласпайды, бұл – нарықтың негізгі заңдарының бірі.

Ертенгі ұрпақ бақытты өмірінің байрақты жолын таңуы тиіс. Сол үшін де Республика күні мерекесінің маңызы зор. «Отбасы – шағын мемлекет», әр отбасында бірлік, береке болса, тірлік те тұзу, бақыт та баянды бола береді.

Сыр елінің азат ұрпақ өсіріп отырған әрбір азаматына келешегіміз кең, өрісіміз өркенді болсын деген тілек білдіремін.

Сұхбаттасқан  
Дүйсенбек АЯШҰҒҰЛЫ,  
«Сыр бойы»

1-бет

## ДАНАЛЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

«Достық үйінде» облыстық ардагерлер кеңесінің кеңейтілген алқа мәжілісі өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешов, қалалық, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағалары, мүшелері, ардагерлер қозғалысының белсенділері қатысты.

Мәжілісте облыс әкімінің орынбасары ардагерлерге көрсетіліп жатқан әлеуметтік қолдаулар жөнінде айтып берді.

– Ардагерлер – даналықтың қайнар көзі. Ел ағалары зейнет жасында болса да, қоғамдық іс-шараларға белсене аралысып келеді. Қазір облыста 84 мыңнан астам ардагер бар. Оларды әлеуметтік қолдау басты назарда. Жыл сайын облыстық бюджеттен қаржы қаралады. Биыл Жәнісін 79 жылдығына орай соғыс ардагерлері 2,5 млн теңге, тыл ардагерлері 184 мың теңге бір реттік әлеуметтік көмек алды. Ал облыс бойынша 2000-нан астам егде жастағы қария әлеуметтік көмекпен қамтылып, олар оңалту орталығына жатқызылып, медициналық қызмет көрсетілді.

Облыста бірнеше жылдан бері «Сыр мейірімі» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында көмекке мұқтаж 225 жалғызбасты

қария ыстық тамақпен қамтылды. Бұдан бөлек, 140 ардагерге «Мерке», «Сарыағаш», «Жаңа-қорған», «Манкент» шипажайларына жолдама берілді. Алдағы уақытта ардагерлерге арналған игі шаралар жалғасын таба береді, – деді А. Зебешов.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев жиналған жұртшылықты Респубика күнімен құттықтап, күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі Қ.Әжібеков баяндама жасады. Онда Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Жолдауынан туындайтын тапсырмаларды орындаудағы ардагерлер ұйымының міндетіне кеңінен тоқталып өтті. Мәжілісте Қармақшы, Сырдария аудандық және Жаңақорған ауданы «Жанарық» бастауыш ардагерлер



Суретті түсірген Нұржан Нұржаубай

ұйымының төрағасы жыл басынан бері атқарылған жұмыстар туралы хабарлама жасады. Облыстық ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары Ө.Шәменов ұйымның 9 айда атқарған жұмысы жайлы айтып берді.

– Бүгінде облыста 699 бастауыш ардагерлер ұйымы бар. Ұйымға 64629 ардагер мүше, 81924 зейнеткер болса, оның 2-еуі – Ұлы Отан соғысының, 2318-і – тыл ардагері. Облыстық ардагерлер кеңесі жалпыұлттық идея рухында патриоттық және адамгершілікке тәрбиелеу, саяси

тұрақтылықты сақтау, қарт адамдардың әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың лайықты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарға өз үлесін қосуда, – деді ол.

Жиында ардагерлер өмір дамуы мен ардагерлер қозғалысына қосқан үлесі үшін «Облыстың құрметті ардагері» төсбелгісімен және Құрмет грамотасы, Алғыс хаттармен марапатталды.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

## ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕНІҢ МАҢЫЗЫ ЖОҒАРЫ

25 қазан – Республика күнін сырбойлықтар кең көлемде әрі айшықты атап өтіп жатыр. Ол үшін іс-шаралар жоспары бекітілді. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов ұлттық мерекенің мазмұнын байыту бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

Бұл мереке ұлттың өзіндік болмысын, біртұтастығын және егемендікке жету жолындағы қайсар күресін көрсетеді.

– Республика күні – тәуелсіздіктің асқақ символы. Бұл мереке халықтың елдікті сақтау және әділетті Қазақстан құру жолындағы ынтымақтастыққа ұмтылысын көрсетеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

«Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болу керек» деген болатын. Бүгінде татулықты ту еткен халқымыздың бағындырған белестері, алған асулары аз емес, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Аймақта мерекелік іс-шаралар 18 қазаннан басталғаны айтуға тиіспіз. 21-26 қазан аралығында

қайырымдылық ұйымдары мен ерікті азаматтар әлеуметтік осал топтағы тұрғындарды қолдау мақсатында «Жанашыр жүрек» атты жаппай қайырымдылық акциясына дәнекер болып отыр. 23 қазанда Халық артисі С.Майқанованың 110 жылдығына арналған «Театр. Өмір. Сахна» атты салтанатты кеш, ауыл спортшылары арасында «Алтын күз-2024» атты облыстық спартакиада ұйымдастырылды. 24 қазаннан бастап «Қыран елім – Қазақстаным!» акциясы аясында мемлекеттік Әнұранды жаппай орындау, көпқабатты үйлердің балқондарында мемлекеттік Туды орналастыру

бойынша флэш-мобтар, Отан туралы шығармалар орындау челленждері ұйымдастырылады. Ұлттық мейрам аясындағы іс-шаралардың негізгісі – 24 қазан күні облыс әкімінің қатысуымен өткен салтанатты кеш. Онда еліміз бен облыстың дамуына сүбелі үлес қосқан жерлестеріміз марапатталды. Ал бүгін аудандар мен Қызылорда қаласында мемлекеттік рәміздер аллеясында «Қыран елім – Қазақстаным!» атты Мемлекеттік туды салтанатты көтеру шарасына ұласады.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

## БІРҚАТАР ҰСЫНЫС ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Сессия отырысы ұзаққа созылған жоқ. Себебі күн тәртібіндегі мәселелер тұрақты комиссиялар отырыстарында жан-жақты талқыланды. Тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысында да қаралып, депутаттар сауалдарына жауап берілді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов өз есебінде атқарылған жұмыстарды саралады.

Өткен жылдың қорытындысымен өмір сүрудің орташа ұзақтығы 75,10 жасқа жеткен. Биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша жалпы өлім-жітім көрсеткіші бір деңгейде. Осы мерзімде ана өлімі тіркелмеген. Сәби өлімі көрсеткішінің нысаналы индикаторы – 8,2. Биылғы 1 қаңтарда облыстағы бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымдарына 816 476 тұрғын тіркелген. Оларға

25 стационарлық, 26 амбулаториялық-емханалық, 100 дәрігерлік амбулатория, 25 фельдшерлік-акушерлік бекет, 97 медициналық бекет қызмет көрсетеді, 2518 дәрігер, 9988 орта буын медицина қызметкері жұмыс істейді.

Былтыр медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға жергілікті бюджеттен 88 млн теңге бөлінді, 590 дәрігер, 738 орта буын маман білімін жетілдірген. Биыл 144,9 млн теңге бөлініп, отандық және шетелдік жетекші клиникаларда оқып келді.

Былтыр 21 денсаулық сақтау нысанының құрылысы жүргізілді. Оның 17-сі аяқталған. Ал биыл 20 нысан салынуда. Жаңақорған ауданындағы көпбейінді аудандық орталық аурухана базасында «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылды. Оңалту орталығының тағы бірі жыл соңына дейін Аралдағы көпбейінді аудандық орталық аурухана базасында ашылады деп жоспарланған.

Былтыр денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 5,1 млрд теңге қаржы қаралды. Жабдықталу деңгейі 84 пайыздан 87,10 пайызға көтерілген. Биыл бұл мақсатқа 4,5 млрд теңге бөлінген.

Күн тәртібіндегі облыстық бюджетке өзгерістер енгізу бойынша облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Қамбарбек Мұбаракوف депутаттар сауалына байланысты хабарлама жасады.

– Жалпы 65 ұсыныс-пікір түсті. Соның 36-сына қаржы бөлуші жоспарлап отырмыз, – деді басқарма басшысы.

Қ.Мұбаракوف қолдау тапқан ұсыныстар туралы айтып өтті. Сессияда күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Айнұр БАТТАЛОВА,  
«Сыр бойы»

1-бет

Алдажар ӘБИЛОВ,  
ҚР Журналистер одағының мүшесі,  
«Ауыл» партиясы Қызылорда филиалы  
саяси кеңесінің мүшесі



## БАТАМЕН ЕЛ КӨГЕРЕР

Республика күніне орай қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Батамен ел көгерер» атты байқау өтті.

Байқауға 14 ақсақал қатысып, бақ сынады. Сайыстың алғысөзін қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шахизат Төребаев алып, бата берудің мән-мағынасын түсіндірді.

– Халқымыз «Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер» деп текке айтпаған. Адамның адамдығын тілеуіне, пейіліне қарап өлшейтін қазақ айтылған сөзге, тілеген тілекке, берілген батаға ерекше мән берген. Ұрпақтарын ізгілікке жетелеп, ақ батасымен әр шаңырақты шуаққа, жақсылыққа жетелеп жүрген қарияларымызға бүгінгі сайыста сәттілік тілеймін. Халықтың ризашылығына ие болған мұндай іс-шара салт-дәстү-

рімізді дәріптеуде, жастардың рухани байлығын арттыруда маңызды орын алары сөзсіз, – деді ол.

Аталған сайыс 3 кезең бойынша өтті. Бірінші кезеңде жатысушылар тарихта есімі сақталған тұлғалардың батасын нақышына келтіре айтып шықты. Екінші кезеңде ұлттық салт-дәстүрлерге арналған бата түрінен бақ сынады. Үшінші кезеңде сайыс тақырыбына орай викториналық сұрақтарға жауап берді.

Оған Қызылорда қаласының Құрметті азаматы Хүсейін Әмір Темір, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының жетекшісі Қаршыға Есімсейіт-



ова, Ақпарат саласының үздігі Кенжалы Ермбетов қазылық етті.

Қазылар алқасының шешімімен «Ақсуат» ауылдық округінің тұрғыны Шаймұханбет Әбсадықов 1-орын иегері атанды. Жүлделі 2-орынды «Өрлеу» бастауыш ұйымынан Кенжебай

Қалиев алса, 3-орын «Қосшы-ныңрау» ауылдық округінің тұрғыны Қыдырбай Байкеновке бұйырды. Сайыс соңында қатысушы ардагерлер арнайы дипломдармен марапатталып, ынталандыру сыйлығына ие болды.

«СБ» ақпарат

## ИГІ БАСТАМАҒА БАРЫНША ҚОЛДАУ

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» акциясының барша қазақстандықтардың көңілінен шығып, көкейіне қонып, белсенді түрде қолдау табу себебі бар. Бұл қоршаған ортаның, айналаңның, ауыл-аулаңның, қысқасы, жалпы табиғаттың тазалығы туралы әрбіріміздің санамызға сүбелі ой салған бағдарлама болды. Себебі, табиғат – берекебайлығы, тіршіліктің, денсаулық, игілігінің қайнар көзі.

Оның үстіне қоршаған ортаның экологиялық ахуалын сауықтыру және ластанудан сақтау мәселесі тек бүгінгі күннің тақырыбы емес. Ықпалы заманнан бері шешімін таппай кейінге шегеріліп келген, ал қазір ең өзекті мәселеге айналған. Тек біздің ел үшін емес, әлемдік тақырып болып отыр. Иә, қоршаған орта қамқорлық күткелі қашан.

Халық қашанда игілікті бастамаға алғаусыз үн қосатын дәстүрінен бұл жолы да жаңылған жоқ.

Ұлтты рухани тамырынан нәр алуға үндейтін, ел мұратымен ұласып, ұтасатын жатқан көшбасшы бағдарламаны жүзеге асыруға салмаққа үлес қосу – баршамыздың азаматтық парызымыз. Замана, уақыт талабына сәй болшаққа бағдар көрсеткен бастаманы барша ел болып қолдап, жүзеге асыруымыз керек деп ойлаймын.

Біздің ұлтымызда дара, баға жетпес рухани мұралар, әлемге мақтаншыпен айта да, көрсете де алатын ізгілікке толы тарихи-мәдени құндылықтар жетіп-артылады. Бабаларымыз негізгі ұлттық коды – қан тазалығын қатаң қадалаған болса, табиғат тазалығына да өте мән берген. Еліміздің келешегіне темірқазық бола алатын «Таза Қазақстан» бағдарламасында туған жер табиғатының тазалығын сақтау ұлттық құндылықтарымыздың бірі екені айтылған.

Халқымыздың ешкімге ұқсамайтын далалық өркениетті салты, мейірбандығы, қамқорлығы, қарапайымдығы, шешендігі, қиындық аласапыран тұстардағы ерен ерлігі мен төзімі, тіпті, ән әуездерінің байсалдылығы мен диапазонының кеңдігі жерге деген сүйіспеншілігі, қоршаған орта тазалығына ерекше мән беретіні, экологиялық өмір салтын бұлжытпай ұстап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырғаны айта берсе таусылмайтын әңгіме.

Менің атам «Табиғат – Тәңір перзенті. Перзентіне қиянат жасау еш пенденің қолынан келмес еді. Қамқоршы қайда қазғым саған, өзіңді туған даладай. Саяла оны, аяла оны, қанаңнан шыққан баладай» деп отыратын. Бұл барша қазақтың мәңгі ұстанымы болатын. Ғасырлар бойы туған жерінің табиғатын көзінің қарашығындай сақтап, оның байлығын ретімен, үнемді пайдаланып, Табиғат-ананы қастерлеп, оны ұрпағының бойына осылайша сіңіріп келген.

Оқымай-ақ ғұлама болған біздің бабаларымыз, о шеті мен бұ шетіне көз жетпейтін, ұшса құстың қанаты талатын, шапса тұлпардың тұяғы тозатын ұлан-ғайыр, асты да, үсті де қазынаға толы даласының байлығына, табиғатқа ойлы көзбен қарап, шөбін де еппен шапқан, ағашты орынсыз кеспеген, аққуды атпаған, құланды киелі аңға санаған, қарлығашын аялап, қыз баласына Қарлығаш деп ат берген, жыланды ақ күйіп қана шығарған, дала толы киікті қорғаған.

Қорыта айтқанда, Президент сөзін жүйесін айтты. Енді оны жүзеге асыру – зиялы қауымның, барша тұрғындардың абыройлы міндеті. Бұл шаруа көп қаражат та талап етпейді, тек қана Жер-анамызға адамгершілік көзқараспен, аяушылық сезіммен қарау жеткілікті.

Біздің аймақта да айналаны көркейтіп, көгалдандыру бағытында көңіл қуантарлық көптеген шара жүзеге асырылуда. Көш түзелді, бағыт айқын. Игі бастамаға барынша қолдау көрсетейік, ағайын.

«Адамдардың табиғатсыз күні жоқ. Оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» екенін түсінетін күн келді. Жақында «Табиғаттағының бәрі ақиқат, бәрі заңды, бәрі орынды, бәрі шындық. Ал адасу мен жаңылысу тек қана адамдарда болады» деген сөз оқыдым. Қыранды қиясынан, қарлығашты ұясынан бездірмеу үшін барын салған бабалардың ұрпағымыз ғой, табиғатқа, қоршаған ортаға қорған болайық.

Оразбай ҚОСАНОВ,  
Қызылорда қаласы

### /// КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Қорқыт ата университетінің ғылыми кітапханасы – білім алушылардың қоғамдық дүниетанымын қалыптастыратын, өмірлік бағытын айқындайтын ғылыми ізденіс пен таным орталығы.

## ІЗДЕНІС ПЕН ТАНЫМ ОРТАЛЫҒЫ



Ғылыми кітапхананың стратегиялық мақсаты – ақпараттық ресурстарды пайдаланушылардың барлық топтарына бірдей барынша қолжетімді болу. Бұл мақсатқа жетудің маңызды құралы – заманауи электрондық кітапхана, сандық технологияларды қолдану, ғылыми қорды сақтау, басқару, мүмкіндіктерді кеңейту.

Ғылыми кітапхана қызметкерлері оқуға, оқытуға және білімге қолжетімділікті толық қамтамасыз ету мақсатында аянбай еңбек етіп, университеттің тыныс-тіршілігімен тығыз байланыста жұмыс жасап келеді. Оқырмандарға 4 оқу және электронды зал, 3 абонемент, сирек кездесетін кітаптар және жатақханадағы кітап беру пункті арқылы қызмет көрсетеді. Университет басшылығының қолдауымен қызмет көрсету сапасын арттыру үшін университет тарихында алғаш рет 2022 жылы ғылыми Студенттер сарайындағы қызмет көрсету бөлімі модернизациядан өтіп, жана үлгідегі заманауи OPEN SPACE форматындағы кітапхана іске қосылып, бүгінгі күні білім алушылардың рухани орталығына айналып отыр.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам құруға бағытталған «Адам капиталды дамыту» бағыты бойынша қазақстандық жоғары оқу орындарының алдына міндеттер қойып отыр. Олар жана білім мен инно-

вациялар орталығына айналуы, экономиканың басым секторларын білікті кадрлық ресурстармен қамтамасыз етуі, рухани-интеллектуалды элитаны тәрбиелеуі тиіс. Осы стратегиялық міндеттерді шешу барысында жоғары оқу орындары кітапханаларының ролі зор, кітапханалық қызмет те инновациялық тұрғыда қызыметі болуы тиіс.

Университеттің ғылыми кітапханасы жана технологияларды белсенді түрде игеріп, кітапхана ісін автоматтандыру жұмысын одан әрі жетілдіруде. «MegaPro» электронды кітапханасы 24/7 режимінде жұмыс жасайды, кітапхана қызметін пайдаланушыларға қашықтан тапсырыс беруге мүмкіндік жасалған, оқырмандардың жеке кабинеті бар.

«Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыруда ғылыми кітапханада университеттің оқытушылары мен білім алушылары үшін отандық және шетелдік сыртқы электронды базаларды пайдалануға барлық мүмкіндіктер жасалған. Сондай-ақ отандық ашық электронды ресурстарды пайдалана алады.

Бүгінгі күні университет кітапханасы білім алушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді пайдалануға және рухани дамуында заманауи ақпараттық-танымдық орталыққа айналып отыр.

Гүлмира САТБАЕВА,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университеті ғылыми кітапханасының директоры

Кітапхана ғасырлар бойы биік парасат пен білімнің киелі ордасы болып келеді. Ал кітаптағы құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы – кітапханашылар. Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар – абыройлы мамандық иелері.



## ЕҢБЕГІ ЕЛЕНГЕН ЖАН

Зейнекул Смайыл 1986 жылы Шиелі ауданы «Бестам» ауылындағы №205 қазақ орта мектебіне кітапханашы болып саладағы еңбек жолын бастаған. Қызмет ете жүріп, білімін жетілдірді. Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінің «Кітапхана ісі» мамандығын бітіріп шықты.

– Ғылым мен білімнің қайнар көзі кітапта. Қоғамның рухани бай болуына үн қосу – біздің борышымыз. Мен осы салада 36 жыл еңбек еттім. Зейнетке шықтым. Ауыл кітапханасының жандануы, жастарды кітап оқуға шақыру үшін түрлі іс-шаралар өткіздім. Кітапхана қорын үлгі-түгә септігімді тигіздім. Кейінгі уақытта мемлекет тарапынан кітапханашыларға қолдау артты. Мамандыққа деген құрметті арттыру үшін Үкімет қаулысымен 24 қазан – Кітапханашылар күні болып бекітілді. Мерекенің басты мақсаты – кітапханашы мамандығының имиджін көтеру және оны кәсіби ынталандыру. Бұл – тек кәсіби әріптестерімнің ғана емес, ең алдымен кітапты жақсы көретін, кітапханашының мәдени және қоғамдық өмірдегі орасан зор ролін түсінетін адамдардың мерекесі. Сондықтан бұл қолдау бізді қуантады, – деді ол.

Зейнекул мамандығына берілген жан, әр ісі тиянақты. Сөредегі кітаптың реті, орналасуы, газет-журналдың тігіндісі бәрінде ұқыпты қарайтын. Оқырманға кітапты ұсынып қана қоймай, үздік оқырманды белгілеп, ынталандыратын.

Бұл ісінен жастар үлгі алатын. Кітапханада тағлымды мол түрлі іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыратын.

– «Жақсы кітап оқу – ақылды адаммен сырласқанмен бірдей» деген Л.Толстой. Қазіргі кезде жастардың рухани байлықтан қол үзеуіне барлық мүмкіндік бар. Кітапханаға келе алмаса, электронды кітаптан оқи беруге болады. Бұрынғыдай оқырманды журналға тіркемейді, электронды каталог арқылы қабылдайды. Әрбір кітапханада «Coworking» орталығы пайдалануға берілген. Орталық жана технологиямен және жоғары жылдамдықты интернетпен жабдықталған. Мұнда келушілер түрлі тақырыптарда семинарлар, дәрістер және тренингтер өткізе алады. Әдеби кештер, дөңгелек үстелдер, кітап тұсауқесерлері, кездесулер, кітап көрмелері, шоулар, акциялар ұйымдастырылады. Мұның бәрі де оқырманның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында жасалып жатқан жемісті еңбек, – деді ардагер кітапханашы.

Оның еңбегі еленіп, «Үздік кітапханашы» атанған. «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісінің иегері. Түрлі байқаулардан да қалыс қалған емес. Жүлделі орындары мен марапаттары жетерлік. Сый-құрметке бөленген кітапханашы қазір зейнетте отырса да, жас мамандарға білгенін үйретіп, шындап келеді.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕМИНАР

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Кітап және қаламгер» атты республикалық семинар өтті. Семинар Қазақстанның Халық жазушысы Әбділда Тәжібаевтің 115 жылдығы және Кітапханашылар мерекесі аясында ұйымдастырылды.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқарма басшысының орынбасары Қ.Жанұзақов мерекеге орай жылы лебізін білдірді. Кітапхана ісінің дамуы мен өркендеуіне үлес қосып жүрген қызметкерлер марапатталды.

Семинарға Ұлттық академиялық кітапхана мамандары арнайы келіп, кітапханашыларға шеберлік сабағын өткізді. Атап айтқанда, «Қазақстанның мәдени және ғылыми мұрасының электрондық ресурстары: Ұлттық электронды кітапхана» тақырыбында Ұлттық академиялық кітапхананың электрондық ресурстарды басқару қызметі жетекшісінің орынбасары Гүлшат Ратова, «Кітапхана қорлары консервациялау және қалпына

келтіру мәселелері» тақырыбында консервация, қалпына келтіру және түптеу қызметінің жоғары дәрежелі реставратор маманы Меруерт Өскембаева баяндама жасап, тәжірибелерін бөлісті.

Шарада кітапханашылар «Өрелінің өрісі кең» тақырыбында ұйымдастырылған интеллектуалды ойынға қатысты.

Семинар Қазақстанның Халық жазушысы Әбділда Тәжібаевтің 115 жылдығына арналған шаралармен жалғасты. Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында ҰАК директорының кеңесшісі Айжан Табарқызы және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Қа-



тира Жаленова кеңінен әңгімелеп берді.

Жастар ақын өлеңдерін нақышына келтіре оқыды. Мұнан соң шара қонақтарының қатысуымен ақын ескерткішіне гүл қою рәсімі болды. Сонымен қатар «Кітапхана шежіресі», «Кітап. Кітапхана ісі»,

«Мәдениет саласының үздіктері» бөлімдерінен тұратын «Кітапхана – білімпаздар мекені» атты көрмені тамашалады. Осылайша тағлымды мол шара жоғары деңгейде өтіп, келушілер ерекше әсермен тарқасты.

«СБ» ақпарат

## ТҰЛҒА

Ол бозбала күнінен темір-терсекке әуес болып, үйдегі жүк машинасын жөндеуге талпынатын. Әкесі Жалпақбай ақсақал да ұлының бастаған ісін аяқтамай тынбайтынын аңғарса керек. Үй маңындағы бар тіршілікті тапсырып, өзі алаңдамай ел басқару ісінде жүре беретін.

Ұзақ жылдар білім мен ауыл шаруашылығы саласында еңбек еткен Жалпақбай Нұрмағамбетовтің шаңырағында алтыншы перзент болып дүниеге келген Мараттың маңдайына әкесі сияқты жұртқа қызмет қылу жазылыпты. Тектілік қанмен берілгеннен болар, түп негізі дұрыс отбасының тәрбиесі оны «елге болсын» деген ата-ана қағидатынан алыстатпады.



## ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

Қош, әңгіменің негізгі өзегіне тірелгендейміз. Біз Қазалыда ұзақ жыл экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізіп, ауданның даму көрсеткішіне бір кісідей атсалысқан, кейіннен Сыр бойындағы жануарлар әлемі мен даладағы орман қорына тікелей жауапты болып, басшылық жа-сап жүрген азамат жайлы айтсақ дейміз. Иә, мақаламыз Сыр мен қырдағы табиғат байлығын қызғыштай қорып жүрген Марат Нұрмағамбетов жайлы.

– Әкем 7 баласын қарапайым, еңбексүйгіш етіп тәрбиеледі, – деп бастады әңгімесін кейіпкеріміз. – 1982 жылы мектеп бітірген соң бірден оқуға кетпедім. Ата-ана ақылмен бір жыл елдегі МТС-те жұмысшы болғанмын. Кейін ойлап бақсам, әкем мені жасымнан қара жұмысқа баулып, «еңбек адамдарының арасынан нан тапсын» деген ниетпен істегені екен. Әйтпесе, мектеп директоры, совхоздарда басшылық жасаған адам өз ұлын жоғары оқу орнына бірден-ақ жөнелтпей ме? Одан жаман болмады. Бір жылдан кейін, яғни 1983 жылы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтының Қызылорда филиалына түсіп, 1990 жылы «Инженер-механик» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Неге арасы ұзақ десеніз, мен оқуда жүріп, 1984 жылы желтоқсанда Мәскеу облысы Звенигород қаласында әскери борышымды өтедім. 1986 жылы оны аяқтап, оқымды әрі қарай жалғастырдым.

Марат ағаның айтуынша, бұл – алғашқы мамандығы. Осы мамандықпен туған жері Қазалыға оралып, «ПМК-86» мекемесінде жөндеуші, есеп жөніндегі механик, бас механик қызметтерін атқарған. Кейін «Қызылордамелиорация» мекемесінде бас инженер болған.

Өндірістен заң саласына ауысуы нарық кезеңінен басталды. 1994-1996 жылдары «Қызылқұм» келен бекетінде инспектор, аға инспектор болып жұмыс істеген Марат Жалпақбайұлы өзін зангерлік салада сынап көруге бел байлайды. Қызылорда экономика, экология және құқық академиялық университетінде сырттай оқып «Зангер» мамандығын алды.

Жалпы осы саладағы еңбек жолымды өмірімнің бір бөлесі деп есептеймін. Мемлекеттік тергеу комитетінің Қазалы ауданындағы бөлімінде, Қазалы аудандық ішкі істер бөліміндегі экономикалық қылмысқа қарсы күрес бөлімінде оперативтік уәкіл болдым. Кейін салық полициясы басқармасының Қазалы ауданындағы бөлімінде инспектор, аға инспектор, облыс бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің Батыс аймағы және Төртатай аймағы бойынша аудандарлық бөлімдерінде басшы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес басқармасында басшы орынбасары болып қызмет атқарды. Осылайша 18 жылға жуық заң саласында жұмыс істеп, 2012 жылы зейнетке шықтым, – деген еді сөз арасында Марат ағамыз.

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясында басшы, Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен қосылғаннан кейін инспекция басшысының орынбасары қызметін абайромен атқарды. Қазір үш жылдан асты, инспекция басшысы.

– Марат Жалпақбайұлымен Мемлекеттік тергеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Қазалы аудандық бөлімінде, экономикалық қылмысқа қарсы

күрес бөлімшесінде аға жедел уәкіл болып жүрген кезімде таныстым. Ол біздің бөлімге келген басқармасынан ауысып келген болатын. Екеуіміз бір кабинетте отырып қызмет істедік. Сол кездері Қазалының экономикалық жағдайы да белгілі, бұрынғы кеңес дәуіріндегі колхоз, совхоздар өз жұмысын тоқтатып, жеке шаруашылықтарға бөлініп, мекемелер жабылып, жекеге өтіп жатқан кез болатын. Б.Қарбозов және Т.Алпысбаев ағаларымыздың басшылығымен ауданымыздың экономикалық жағдайын жақсартуға бар күшімізді салдық. Құқық қорғау саласында түрлі реформалар болып, Марат екеуіміз ішкі істер саласының экономикалық полиция қызметінде, кейін қаржы полициясы саласында, Қазалы, Арал аудандарында және облыс төңірегінде бірге еңбек етіп, арамызда достық қарым-қатынас орнады. Құқық қорғау саласынан зейнетке шықты. Қазіргі саласында да жетістіктері әзі емес. Мен білетінде, ол өз ісінің қас шебері, отбасы құндылықтарын берік сақтай білетін, жан-жақтағы ағайын-туыс, жерлестерінің және дос-жарандарының алдында беделді азамат. Ең бастысы, ол достық адал, – дейді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департамент басшысы Бауыржан Ұзынжас.

Марат ағамыздың қазіргі қызметін жоғарыда айттық. Бір ғана белгілі нәрсе, Арал мен Жаңақорған арасындағы жортқан аң мен ұшқан құс, одан қалды, өскен тал-дарак пен сексеуілдің жоғалмауына бірден-бір жауапты мекеменің тізгінін ұстау – оңай шаруа емес. Ал кейіпкеріміз осындай жауапкершілікті мойнына артқалы 10 жыл болыпты. Айтпақшы, іздену, білім алу жағына немқұрайды қарамайтын ағамыз өзінің үшінші мамандығы – «Орман шаруашылығын» Қазақ ұлттық-аграрлық зерттеу университетінен алғанын да айта кетейік.

Мемлекет басшысының Арал теңізіндегі құрғаған ұлтанға сексеуіл егу тапсырмасы жұртқа мәлім. Бұл істе де облыстағы орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекцияның көтерер жүгі ауыр екенін көбісі біле бермес. Азынаған дала, құм суырған шөлді кезіп, аң мен құс атқан, сексеуіл сындырған бұзақылармен күрес жүргізуде Марат Жалпақбайұлы бастаған инспекторлардың еңбегі ерен.

Иә, Құдай қосқан қосағы Жанар жеңемізбен екі ұл, екі қыз тәрбиелеген Марат аға марапаттан да кенде емес. Аудан мен облыс көлеміндегі бірнеше «Алғысты» айтпағанда, Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қаржылық мониторинг агенттігінің «Құрмет грамотасы», мерекелік медальдар мен төсбелгілер кеудесінде жарқырайды.

Жақсының жақсы ісін айту – әманда парыз. Сөзіне ісі сай, жұмысына тиянақты ағаның бүгінгі абыройлы жолы кейінгі буынға барынша үлгі болары анық. Жұмысшы еңбегімен басталған жол құқық қорғау мен табиғатқа қорған болуға әкелсе, ондай міндет пен максаттың жемесіне Марат Нұрмағамбетов әбден жетіп-ақ тұр. Жылдар бойы халық пен табиғат мүддесіне жұмыс істеген азаматтың еңбегі мұнымен тоқтамайды. Расымен де Сыр бойының нұлы болуын мақсат еткен оның алдағы жоспары аяқсыз қалмақ емес.

Ержан ҚОЖАС,  
журналист

## СПОРТ

## ВЕЛОСПОРТТАН ЖҮЛДЕЛЕР САРАПҚА САЛЫНДЫ

Қызылорда қаласында велоспорттан ерлер мен әйелдер, жасөспірімдер арасында ҚР чемпионаты мен кубогі өтті.

Аталған жарысты Туризм және спорт министрлігі, Велоспорт федерациясы, облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасы ұйымдастырды.

Бес күнге жалғасқан сайыста еліміздің барлық өңірінен келген 150-ге жуық спортшы бақ сынады. Нәтижесінде ерлер арасында 25 шақырымдағы жекеley жарыста Солтүстік Қазақстан облысынан келген Мансұр Бейсенбай мен Михаил Подлужный алғашқы

екі орынды өзара бөліссе, жамбылдық Руслан Әлиев үздік үштікті түйіндеді.

Ал әйелдер арасында 20 шақырымдағы жекеley жарыста қызылордалық Анжела Соловьева мәре сызғын бірінші болып қиса, алматылық Виктория Колесникова мен Елена Мандракова жүлделі орындардан көрінді.

Сондай-ақ 80 шақырымдағы топтық жарыста қызылордалық Елизавета Склярва, қарағандылық Карина Абдрахманова, талдықорғандық Дария Қазақбай жүлделі орындарға табан тіреді.

Райымбек ӨМІРБЕК

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 қазандағы №485 қаулысы

## Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай ақ «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 20 мамырдағы №04-7/667 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иесі Шаменов Марьям Асгатовнаның Қызылорда қаласы, Жанқожа батыр көшесі, №49 үй мекенжайындағы (кадастрлық нөмірі 10-156-019-1477) көлемі 1032,0 (бір мың отыз екі) шаршы метр жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін немесе жылжымайтын мүлікті теміржол арқылы жер асты автокөлік өткелін салу мақсатында мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталуы.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 24 қаңтар болып белгіленсін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, №43, №13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің меншік иесін немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыны ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н.Ахатов

ЖОБА

Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы \_\_\_\_\_ шешіміне қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының 2021 жылғы 30 қарашадағы № 70 шешіміне қосымша

## Субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар автомобиль қатынастарының тізбесі

р/с №	Маршрут атауы және (немесе) нөмірі	Маршрут түрі		
15	«Саяхат» шағын ауданы – «ГерманТитов» шағын ауданы – «Саяхат» шағын ауданы, №19-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
16	«Арай-3» шағын ауданы – Қызылжарма ауылдық округі – «Арай-3» шағын ауданы, №20-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
17	Тотай Тұрлығұлов көшесі – «Астана-2» шағын ауданы – Тотай Тұрлығұлов көшесі, №21-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
18	Тасбөгет кенті (Әлия Молдағұлова көшесі) – Ақжол көшесі – Тасбөгет кенті (Әлия Молдағұлова көшесі), №22-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
19	Қызылжарма ауылдық округі Абзал Сағымбаев көшесі – Досан ауылы – Қызылжарма ауылдық округі Абзал Сағымбаев көшесі, №23-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
20	Рисмаш көшесі – Абзал Сағымбаев көшесі – Рисмаш көшесі, №24-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
21	«Байтерек» шағын ауданы – «Аль-Асад» сауда үйі – «Байтерек» шағын ауданы, №25-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
22	Теміржол вокзалы – Абай ауылы – Теміржол вокзалы, №26-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
23	«Әбу Насыр әл Фараби» шағын ауданы, «Асқар» дүкені – Қарауылтөбе ауылдық округі – «Әбу Насыр әл Фараби» шағын ауданы, «Асқар» дүкені, №27-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
24	«Ақмешіт» шағын ауданы – «Сабылқ» саяжайы – «Ақмешіт» шағын ауданы, №28-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
25	«Аль-Асад» сауда үйі – Қараөзек ауылы – «Аль-Асад» сауда үйі, №29-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
26	Теміржол вокзалы – «Қорқыт ата» әуежайы – Темір жол вокзалы, №30-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
27	«Арай-3» шағын ауданы – Талсуат ауылдық округі – «Арай-3» шағын ауданы, №31-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
28	Теміржол вокзалы – Ақжарма ауылдық округі – Теміржол вокзалы, №32-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
29	Теміржол вокзалы – «Прудхоз» саяжайы – Теміржол вокзалы, №33-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
30	Автовокзал – «Передвижная механизированная колонна-29» саяжайы – Автовокзал, №34-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
31	«ГерманТитов» шағын ауданы – Тасбөгет кенті (Омар Сейтпенбетов көшесі) – «ГерманТитов» шағын ауданы, №35-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
32	Қаратоғай көшесі, 100 (Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық физиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны) – «Ягодка» саяжайы – Қаратоғай көшесі, 100 (Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық физиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны), нөмірсіз	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
14	Тасбөгет кенті («Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық физиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны) – Қаратоғай көшесі, 100 (Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық физиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны), №18-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
10	Қызылжарма ауылдық округі (Қызылорда облысының білім басқармасының білім бөлімінің «Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі) – Теміржол вокзалы, №14-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
11	«ГерманТитов» шағын ауданы – Алшынбаев көшесі – «ГерманТитов» шағын ауданы, №15-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
12	Ескі теміржол өткелі – Белкөл кенті – Ескі темір жол өткелі, №16-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		
13	Теміржол вокзалы – Тасбөгет кенті (Қызылорда облысының білім басқармасының білім бөлімінің «Нәлқожа Ерғешбаев атындағы №172 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі) – Темір жол вокзалы, №17-бағыт	қалалық (ауылдық), қаламаңы		

## /// ТЕАТР

## САХНА САҢДАҒЫ – СӘБИРА



Биыл КСРО және ҚазКСР Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сәбира Майқанованың туғанына 110 жыл толды. Осыған орай С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде «Театр. Өмір. Сахна» атты еске алу кеші өтті. Театрдың анасы атанған талантты тұлғаға арналған кеш өнер иесінің өмірі туралы бейнеузікпен, Ш.Айтматовтың шоқтығы биік «Ана-Жер-ана» қойылымынан үзіндіден басталды.

Кеште қала әкімінің орынбасары Дарқан Тұрсынбаев С.Майқанованың қазақ өнеріндегі орнына тоқталды. – Сәбира апамыз – талайды тамсантқан Толғанайыммен-ақ өнерге қалтқысыз қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен әлемдік деңгейдегі актриса. Оның шеберлігін, театр әлеміндегі ерен еңбегін театр сыншысы Әшірбек

Сығай былай деп жеткізеді: «Алымды сахнагердің қай қапталынан көз салсаңыз да, өркешті бейнелер легі, күдіретті кесек кейіпкерлер тобы жадыңызға оралып, дәл бір ежелгі ертегілер елінен қуана қол бұлғап тұрған ескі таныстарындай жылы ұшырап еді. Ұлты, рухы, түр-түсі, тұрмысалты, мінез-құлқы әрқилы әйелдер кескіні, өздері шық-

қан түп-тамырларын туған төл топырақтарынан нақ бір қазақтың ұлы қызы, ұлтымыздың өрелі өнерпазы Сәбира арқылы ғана тапқандай». Осыдан-ақ актрисаның қаншалықты талантты, аналар бейнесінің эталонын қалыптастырғанын байқауға болады.

Бүгінгі 110 жылдық мерейтой құтты болсын. Қазақ халқының мақтанышына айналған актриса барша жұрттың есінде мәңгі сақталады, – деді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Хүсейін Әмір-Темір өнер иесі туралы естелік айтты, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекованың құттықтауын табыс етті. Жиында Сәбира Майқанованың қызы, медицина ғылымдарының докторы Гүлдар Әбдірашитова сөз алып, алғысын білдірді.

– Анамның туған жеріне келіп бір маркайып қалдым. Ол кісі туған жерін, бұл жақтың жұртын үнемі аузынан тастамай мақтап та, мақтанып та отыратын. Мерейтой қарсаңында осындай құрмет көрсетіп жатқан Сыр еліне алғысым шексіз, – деді.

Қазақ КСР Еңбек сіңірген артисі, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының профессоры Рахиям Машурова да тағалымды естеліктер айтты, сахна санлағының өмір жолынан сыр шертті.

Кеште актриса жайлы өлең-

дер оқылып, ана туралы жүрек тебіренер әндер шырқалды, деректі фильм көрсетілді.

Сәбира Майқанова 1914 жылы 1 қаңтарда Сырдария ауданында дүниеге келген. Атанысынан ерте айырылып, интернатта тәрбиеленген. Оның алғашқы рөлі Б.Майлиннің «Майдан» драмасындағы Алтынай еді. Кәсіби сахна өнерінің негізін қалаған аға ұрпақпен әріптес бола жүріп мол тағлым алған С.Майқанова қарашаның сахнасында алпыс жылдан астам үзіліссіз еңбек етіп, жарқын да шоқтығы биік бейнелердің тұтас бір галереясын жасады.

Сондай-ақ кәсіби театр өнерінің өркендеуіне бар жан-тәнімен қызмет етті. Қандай рөл сомдаса да оның өзі бойынан қазақилық, дарқан даланың иісі сезіліп тұрды. Ол қазақ әйелінің бейнесін ғана емес өз репертуарындағы грузин, вьетнам, эстон, испан, фин, түрік, өзбек, орыс, қырғыз әйелдерінің жан дүниесін де шынайы жеткізе білді. Қалай десек те рухты өнері және биік азаматтық болмысымен «театрдың анасы» атанған, аса көрнекті актриса, адамдарға деген ізет-ілтипаты, бауырмалдығымен өнерпаз қауымының да, халқының да сүйіспеншілігіне бөленді. Оның ғибратты ғұмыры халқына, өнерге қалтқысыз қызмет етудің жарқын үлгісі, ал өнері мәңгі жасай бермек.

Мейрамгүл  
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,  
«Сыр бойы»

## /// СЕРГЕК

Сыр өңіріндегі волейбол спортының дамуына Тұрғанбек Алтынбеков ағамыз көп еңбек сіңірді. Өзінің бастамасымен команда құрды, шәкірт тәрбиеледі. Інісі Жаңабек ағаның да тоспадоптың төрге озуына қосқан үлесі аз емес. Ұстаздық қызметінде қаншама шәкіртіне әуелі ұшқан допты қалай меңгеру қажеттігін үйретті. Сексен жастан асқан қадірменді қария әлі де жастарға сергектікті серік етуге кеңес береді. Сан алуан сайыста өзі тәрбиелеген шәкірттерінің ойынына қолдау білдіреді.

ШӘКІРТТЕРДІҢ  
ШЕБЕРЛІГІН  
ШЫҢДАҒАН

Түркістан өңірінде дүниеге келген ол ес билгенде Тұрғанбек ағасының волейбол ойнайтынын көріп өсті. Қарт Қаратаудың қойнауында жатқан шағын ауыл сол бір жылдары волейболға таңырқай қарайтын еді. Алтынбековтер әулетіне белгілі волейболшы Октябрь Жарыққаповтың туыстық жақындығы бар болатын. Танымал спортшы өзінің ізін басқан Тұрғанбекті спорттың осы түріне баулыды. Ал Тұрғанбек ағамыз інісі Жаңабектің волейболға жақындығын байқап жүретін-ді. Осындай күндердің бірінде інісіне доп әкеліп берді. Ағасының қамқорлығына шаттанған бала сол кезден бастап тоспадоп өнерін жанына серік етіп, оның әдістесіне жетік меңгеруге ерекше ықылас білдірді. Бәлкім, өзінің өмірлік жолында таңдау жасағанын сол уақытта білмеген де шығар...

– Қазіргі Түркістан облысының «Бабайқорған» ауылында жетінші сынып оқитын кезім еді. Ол уақытта Тұрғанбек ағам институтта волейболдан үздіктер қатарынан көрініп жүретін. Маған сыйға берген добы қызығушылығымды одан әрі арттыра түсті. Бұл 1955-1956 жылдардың шамасы болуы керек. Сабақтан қолым бос уақытта волейболдың әдіс-тәсілін үйренуге көңіл бөлемін. Ауыл арасында өткен жарыстарда командамыз алдыңғы орындардан көрінді. Мені ұстаздарым мақтай бастады. Ауылдағы мектепті бітіргеннен кейін білімді Түркістандағы онжылдық мектепте жалғастырдым. Онда да волейболдан қол үзпегенім, шеберлігімді шыңдай түстім, – дейді Жаңабек ағамыз бізбен әңгімесінде.

Мектепті бітіргеннен кейін Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына білім алуға келді. Ол уақытта институтта денешынықтыру факультеті болмады. Жас жігіт үшін басқа таңдау жоқ еді. Жаратылыстану мамандығы бойынша білім алуына тура келді. Соған қарамастан волейболмен айналысуы жалғастыра берді.

Еңбек жолын Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев атындағы №171 орта мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастады. Білім ордасында еңбек еткен сегіз жылдан астам уақытта жас өрендерді спортқа баулыды. Оның ішінде волейболға қызығушылық білдірген оқушылардың шеберлігін жетілдіріп, көптеген жарысқа алып барды. Қай-қайсысында да шәкірттері табыс биігінен көрінді. Ұстазға бұдан артық қуаныш бар ма? Бұл оқушылардың спортқа деген қызы-

ғушылығын одан әрі арттыра түсті.

Арада сегіз жылдай өткенде қазіргі Абылайхан атындағы №140 орта мектепке дене тәрбиесінің мұғалімі болып қызмет ауыстырды. Оқу ордасында отыз жылдан астам жемісті еңбек етті. Жігерлі жастардан команда жасақтап, облыстық және қалалық сайыстарда жеңіске жетті.

– Волейболдың ерекшелігі көп. Бұл спорт түрімен айналысқан адам биіктікке секируді шебер меңгеріп, мықты реакция көрсетуді жетілдіреді. Оның атауының өзі қалқып ұру дегенді білдіреді. Үнемі қозғалысты, шымыр болуды қажет етеді. Ең бастысы, қызығушылық болса деймін. Шәкірттеріміздің барлығы сол талаптың үдесінен шығып келеді. Отыз жылға жуық уақыт ішінде қаншама жарысқа қатысты. Небәрі екі мәрте ғана жеңіс тұғырынан көріне алған жоқпыз. Қалғанында қарсылас шақ келмеді. Кейіннен олардың арасында кәсіби деңгейде ойнағандар бар. Еліміздің клубтарының намысын қорғап, аймақ абыройын асқақтатты. Осындай жетістіктерге жеткен шәкірттерімізден мақтанамын, – дейді ағамыз.

Әлемде волейбол жоғары бағаланады. Олимпиада ойындары күнтізбесінде бар. Онда дүниежүзіндегі тәжірибелі құрамалар бақ сынайды. Өкініштісі, қатарында қазақстандық волейболшылар көріне бермейді. Еліміздің көптеген командасында шетелдік ойыншыларға көңіл бөлінетінін айта кету керек. Салдарынан жергілікті жастар тасада қалып жатады. Сондықтан әр өңірде волейболды дамытуға көңіл бөлінгені артық емес.

Ұстаз тәрбиелеген спортшылардың облыс құрамасында ойын көрсеткендері аз емес. 2014 жылы жетекшілік еткен командамыз оқушылар арасындағы жарыста жүлдегерлер қатарынан көрінді. Кейінгі жылдары облыстың ересектер құрамасына да тәлім үйретті. Байқоңыр қаласында өткен халық ойындары жарысында чемпион және жүлдегер атанды. Облыстық жарыста бес дүркін жеңіске жетті.

– Толағай табысқа жетуімізге Әсет Медеуов, Абзал Жақабаев, Жансерік Әбдуайтып сынды шәкірттерім үлкен үлес қосты. Ешқайсысын бөліп-жармаймын. Десе де, жеке-дара шеберлігімен көзге түскендер қатарында Әсет пен Абзалды айта аламын. Ал Жансерікті жарты команда деп бағаласақ та жарасады, – деді ағамыз ағынан жарылып.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

## /// КУЗ СЫЙЫ

ҮЗДІК АУДАНДАҒЫ  
МОЛШЫЛЫҚ  
МЕРЕКЕСІ

Ұлттық мереке – Республика күні аясында Жалағаш ауданының 85 жылдығы, «Алтын күз – 2024» мерекесі аталып өтті.

Мерекелік бағдарламаға сәйкес аудан орталығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі, ұлттық колорет бұйымдары, ауыл шаруашылығы өнімдері, ұлттық тағамдар және аудан кәсіпкерлерінің көрмесі ұйымдастырылды.

Бұқарбай батыр ауылындағы ипподромда ат бәйгесі өтіп, шабандоздар ең далада еркін көсілді. Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар алға шығып, жанкүйерлерін жарыса қуанып жатты.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов мерекеге шақырылған құрметті қонақтарды қабылдап, ауыл шаруашылығы майталмандары-

на марапаттар табыстады. Кешке қарай Жалағаш аспанын әнге бөлеп, өнер жұлдыздары концерт берді.

Жалағаш ауданы негізінен аграрлы салаға бейімделген. Бұл жерден еңбектің тайқазанын қайнатқан талай майталмандар шыққан. Айталық И.Әбдікерімов, Ы.Жолмырзаев, Қ.Жүсіпова, А.Бисенов, Ү.Еспанов, Т.Елеусінов, Н.Әмірезов Социалистік Еңбек Ері деген сол кездегі ең жоғары мәртебелі атақты иеленіп, кеуделеріне «Алтын жұлдыз» тақты. Сонымен қатар, Ұлмекен Төлегенова, Айнаш Балғабаева СССР Жоғарғы Кеңесінің, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаттары болды. Осындай қайраткерлер қатарына бүгінде Қазақстанның Еңбек ері Имамзада Шағыртаев қосылды.

Ауыл шаруашылығы саласында ерлер-

мен қатар қарқынды еңбек етіп, техниканы тізгіндеген Г.Қуандықова, Қ.Өзденбаева – бүгінде Жалағаш ауданының құрметті азаматтары.

Кешегі кенестік кезеңде тың даланы игеріп, алтын астықтан тау тұрғызып дикандар мен «Қарақұм», «Қызылқұм» қойнауын түлеткен шопандардың жасампаз еңбегінің арқасында аудан тұрғындарының тұрмысы ілгері басып, берекелі тірліктің негізі қаланды.

Бүгінде ауыл шаруашылығы бойынша сол дәстүрлі еңбек дүбірін жалғастырып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғылықты халықтың әл-ауқатын арттына, әсіресе, ауыл өмірін жақсартуға айтарлықтай септігін тигізіп отырған іргелі шаруашылықтар қалыптасты. Олардың қатарында И.Шағыртаев басқаратын «Таң ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Ә.Бекжановтың иелігіндегі «Ер-Әлі» шаруа қожалығы, Ш.Ысқақов басқарып отырған «Еңбек жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі еселі еңбегімен ел алғысына бөленіп келеді.

Сөзіміздің дәлелі, жылдағы егін-терім науқанын қорытындылайтын «Алтын күз» мерекесінде Жалағаш ауданы «Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген үздік аудан» атанып, абырой биігінен көрінді.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»

Газетіміздің келесі саны 29 қазан, сейсенбі күні шығады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі  
**СЫР  
МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi\_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.